



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады

● Апта сайын жарық көреді

● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

● www.syrtabigaty.kz

ҚАЗАҚСТАНҒА АМУР ЖОЛБАРЫСТАРЫН ӘКЕЛУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге мемлекеттік сапары аясында Қазақстанға амур жолбарыстарын әкелу және бейімдеу жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Құжат аймақта баламасы жоқ - Орталық Азияда

жолбарысты қайта қалпына келтіру жобасы бойынша уағдаластықтарды бекітеді.

Келісімге екі елдің экология және табиғи ресурстар министрлері - Ерлан Нысанбаев пен Александр Козлов қол қойды.

Жоспар аясында Ресей Қазақстанға төрт

амур жолбарысын - екі аталық және екі аналық дараны өтеусіз береді. Жануарлар «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватына жеткізіледі.

Жолбарысты Қазақстанға қайта енгізу идеясының ғылыми және тарихи негізі бар. 2009 жылы халықаралық биологтар тобы (Driscoll және басқалар, 2009) жүргізген генетикалық зерттеулер нәтижесінде жойылып кеткен тұран жолбарысы мен қазіргі амур жолбарысының ДНҚ ұқсастығы дәлелденді. Бұл жаңалық жоғалған популяцияны қалпына келтіру жұмыстарына бастау болуға мүмкіндік берді.

Ресей тарапы ветеринариялық дайындық пен тасымалдауды қамтамасыз етсе, Қазақстан тарапы қарсы алу, орналастыру және мониторинг жүргізу жұмыстарын атқарады. Жоба WWF және БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен жүзеге асырылады.

2018 жылы «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты құрылды, онда қазіргі таңда Қазақстанға алғаш Нидерландыдан әкелінген амур жолбарыстары мекендейді.

Бағдарламаның табысты іске асырылуы Қазақстанды жолбарыс жойылып кеткен өңірге оны қайта енгізе алған алғашқы елдердің біріне айналдырады.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі,
www.gov.kz материалдар бойынша,
photo www.gov.kz.

ЗАВОД ПО ПРОИЗВОДСТВУ ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОГО АВИАТОПЛИВА ПОСТРОЯТ В КАЗАХСТАНЕ



Премьер-министр Олжас Бектенов провел встречу с главным исполнительным директором американской компании LanzaJet Джимми Самарицем и вице-президентом по коммерческой деятельности Стефаном Тионом по вопросам развития промышленного и технологического партнерства, передает Kazinform со ссылкой на primeminister.kz.

Рассмотрены перспективы локализации передовых технологий для реализации совместного проекта по производству экологически чистого авиатоплива. В частности, обсужден проект строительства завода по производству авиационного топлива SAF (Sustainable Aviation Fuel) в городе Рудном Костанайской области. LanzaJet является разработчиком

технологии производства экологически чистого авиатоплива SAF из этанола, полученного из разных видов сырья, в том числе органического (зерно, кукуруза, картофель и др.). Мощности будущего предприятия - 54 тыс. тонн авиатоплива и до 100 тыс. тонн переработки биоэтанола в год. На сегодня завершена разработка технико-экономического обоснования (ТЭО) завода.

Проект направлен на развитие «зеленой» авиации и углубленную переработку в АПК. Производство биотоплива также обеспечит сокращение выбросов парниковых газов, что соответствует ключевым приоритетам климатической и энергетической повестки РК.

- Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев поставил перед нами задачу по созданию

в Казахстане международного аэрохаба. Помимо расширения мощностей аэропортов и строительства инфраструктуры, важным является вопрос обеспечения отрасли качественным и экологически чистым авиатопливом. Мы готовы расширять сотрудничество. Правительство окажет всестороннюю поддержку данному проекту, - подчеркнул Олжас Бектенов.

Участники встречи детально рассмотрели ключевые направления проекта по производству устойчивого авиационного топлива (SAF) в Казахстане. Со стороны руководства компании Lanza Jet было предложено рассмотреть возможность создания интегрированной структуры для совместной реализации проекта.

Справочно: LanzaJet основана ведущей американской биоинжиниринговой компанией LanzaTech с головным офисом в г. Чикаго (США). Наряду с LanzaTech, ключевыми инвесторами являются крупные транснациональные корпорации: International Airlines Group, Mitsui & Co., Ltd., Shell, Suncor Energy, British Airways, LanzaTech, Microsoft, Breakthrough Energy, All Nippon Airways (ANA), Airbus, Groupe ADP и др. Компания имеет долгосрочные офтейк-соглашения с крупнейшими авиакомпаниями мира.

Напомним, ранее Международная организация гражданской авиации (ИКАО) опубликовала результаты комплексного аудита авиационной безопасности (USAP-CMA), проведенного в Казахстане с 30 августа по 15 сентября. По итогам проверки уровень соответствия международным стандартам ИКАО в Казахстане составил 95,7%.

По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz, фото: пресс-служба Правительства РК.

12+ №42(520)

қараша
19 ноября 2025
november

Сәрсенбі • Среда • Wednesday

КАЗАХСТАН УСИЛИТ
СИСТЕМУ УГЛЕРОДНОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЛЯ
ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ»
ЭКОНОМИКЕ



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

НАЧАЛАСЬ ОСЕННЯЯ
ПОСАДКА САКСАУЛА НА
ДНЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

ЛИСТВА СПАСЁТ САД
ЗИМОЙ: ЭКСПЕРТ
РАССКАЗАЛ, КАК УБЕРЕЧЬ
КОРНИ ДЕРЕВЬЕВ



ЧИТАЙТЕ НА 7-Й СТРАНИЦЕ



Ср., 19 ноября 2025
Ясно +12°C
1°C ≤ 1 м/с З
86% влажн.
760 мм рт.ст.

Чт., 20 ноября 2025
Ясно +12°C
-3°C ≤ 1 м/с В
91% влажн.
763 мм рт.ст.

Пт., 21 ноября 2025
Ясно +12°C
-2°C 3 м/с СВ
87% влажн.
762 мм рт.ст.

Сб., 22 ноября 2025
Ясно +14°C
+3°C ≤ 4 м/с В
82% влажн.
762 мм рт.ст.

Вс., 23 ноября 2025
Ясно +14°C
+2°C 2 м/с ЮЗ
87% влажн.
760 мм рт.ст.

Пн., 24 ноября 2025
Ясно +13°C
-1°C 1 м/с З
94% влажн.
759 мм рт.ст.

Вт., 25 ноября 2025
Ясно +13°C
-2°C 2 м/с С
95% влажн.
757 мм рт.ст.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 25,73 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 25,73 трлн теңгеден асты. 12 айда 4,56 трлн теңгеге немесе 21,5%-ға артты.

2025 жылдың 1 қазанында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 24,40 трлн теңге. 12 айдағы өсімі – 19,8%.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 726,94 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 15,6%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 32,8% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі – 9,47 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 қазанына 596,18 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды.

2025 жылдың 9 айында салымшылардың шоттарына 2,37 трлн теңге мөлшерінде зейнетақы жарналары түсті (өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 17,8%-ға немесе 356,75 млрд теңгеге артық).

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 1 қазанына дейін 1 937,66 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 9,97%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 100,69 млрд теңге (өсім – 19,1%), ЕЗЖ – 1,82 млрд теңге түсті. 2025 жылдың 9 айында ЖМЗЖ 326,02 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2025 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1 368,27 млрд теңгені құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 1,6 есе немесе 508,31 млрд теңгеге көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – 823,82 млрд теңге.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 12 айда 23,43% ұлғайып, 01.10.2025ж. 181,81 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 691 теңге.

Жыл басынан бері 01.10.2025ж. дейін мұрагерлік бойынша 50,49 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 32,60 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,33 млрд теңге, жерлеуге – 8,03 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 269,19 млрд теңге аударылды.

Жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 17,97 млн. бірлік (12 айдағы өсім – 1,17 млн бірлік немесе 7,0%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қазанына 12,66 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,25 млн - МЗЖ бойынша, 752,27 мыңы - МКЗЖ бойынша, 460,13 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, бір жыл ішінде кемінде бір рет болса да жарна түскен ЖЗШ белсенді шот болып есептеледі. 2025 жылдың 9 айында МЗЖ 6,91 млн ЖЗШ-ға түсті, бұл осы жарналар енгізілуі мүмкін 10,04 млн ЖЗШ-ның 68,8% құрайды. Бұған сондай-ақ 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін ашылған шоттар мен есепті кезең ішінде ашылған жаңа шоттар кіреді. Бұл санға елден тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинағын алу туралы өтінішпен жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарына мұрагерлік ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2017 жылдан бастап толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға аударылған әскери қызметшілердің және шоттарына қазақстандық заңнамаға сәйкес жарналар түспеуі керек басқа да санаттағы салымшылардың (алушылардың) шоттары кірмейді.

Ал БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 5,32 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат eprf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

КАЗАХСТАН УСИЛИТ СИСТЕМУ УГЛЕРОДНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЛЯ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ» ЭКОНОМИКЕ



В Сенате обсудили перспективы развития системы углеродного регулирования, передает агентство Kazinform. В Сенате Парламента РК состоялось заседание круглого стола на тему «Перспективы развития системы углеродного регулирования в Республике Казахстан, включая использование углеродных офсетов для достижения целей по сокращению выбросов».

Вице-министр энергетики Бакытжан Ильяс в своем выступлении отметил, что механизмы углеродного регулирования являются ключевым инструментом перехода Казахстана к углеродно-нейтральной экономике.

Особое внимание уделяется внедрению наилучших доступных технологий (НДТ) и снижению экологического воздействия объектов I категории. В этой связи утверждены 22 дорожные карты, предусматривающие технологические и компенсационные меры по снижению выбросов загрязняющих веществ и парниковых газов на энергетических объектах, - говорится в сообщении.

Министерство энергетики также ведет работу по внедрению технологий улавливания, использования и хранения углерода (CCUS), а также по снижению выбросов метана.

Национальный план распределения углеродных квот на 2022-2025 годы предусматривает ежегодное снижение выбросов на 1,5%. В проекте нового плана на 2026-2030 годы заложено сокращение выбросов на 10,2-22,9% от уровня 2025 года.

Бакытжан Ильяс подчеркнул, что развитие системы углеродного регулирования позволит Казахстану выполнить международные обязательства по Парижскому соглашению, а также повысить энергоэффективность и экологическую безопасность экономики.

Ранее мы писали, что Казахстан ускоряет «зеленый» курс.

По материалам А.Палагутина, inform.kz, фото: Министерство энергетики РК, total.kz.

ПОДГОТОВКА РЕГИОНАЛЬНЫХ ЛАБОРАТОРИЙ К АККРЕДИТАЦИИ И ВЫПОЛНЕНИЮ КОНТРОЛЬНЫХ ФУНКЦИЙ



В целях повышения профессиональной компетентности сотрудников вновь созданных лабораторий департаментов экологии по Алматинской области и области Абай и Улытау проведено обучающее мероприятие.

Обучение было направлено на развитие практических навыков по проведению инструментальных измерений загрязняющих веществ, контролю источников промышленных выбросов, атмосферного воздуха и выхлопов автотранспортных средств.

В ходе занятий специалисты изучили ключевые методические аспекты измерений и расчетов параметров промышленных выбросов и атмосферных загрязнений, а также вопросы методики контроля автотранспортных средств на соответствие экологическим требованиям.

На практических занятиях проведены демонстрации работы газоанализаторов и средств измерений - «Полар», «ГАНК», «Автотест», дымомер «Мета». Участники отработали навыки по определению температуры и скорости газопылевых потоков, концентрации загрязняющих веществ и проверке корректности расчетов.

Руководителем управления государственного метролого-аналитического контроля Мухаметжановой Асель даны разъяснения по оформлению протоколов и результатов лабораторных испытаний в соответствии с требованиями нормативных документов.

Проведение данного обучения является важным этапом подготовки лабораторий к аккредитации и дальнейшему выполнению задач по государственному экологическому контролю на региональном уровне.

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz, фото www.gov.kz.

СТРАНЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ СОГЛАСОВАЛИ ПРИТОК ВОДЫ В ШАРДАРИНСКОЕ ВОДОХРАНИЛИЩЕ

Водные ведомства стран Центральной Азии согласовали прогнозируемый приток воды в Шардаринское водохранилище в межвегетационный период, передает агентство Kazinform со ссылкой на Минводы и ирригации. В городе Ашхабад состоялось 91-е заседание Межгосударственной координационной водохозяйственной комиссии (МКВК).

В нем приняли участие министр водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан Нуржан Нуржигитов, председатель Государственного комитета водного хозяйства Туркменистана Дурды Генджиев, министр водного хозяйства Республики Узбекистан Шавкат Хамраев, первый заместитель министра энергетики и водных ресурсов Республики Таджикистан Джамшед Шоди Шоимзода. В качестве наблюдателя выступил советник Посольства Кыргызской Республики в Туркменистане Эмиль Шадыханов.

В рамках заседания стороны рассмотрели итоги вегетационного периода 2025 года. Также был утвержден прогнозный график работы Нарын-Сырдарьинского каскада водохранилищ на межвегетационный период



2025-2026 гг. В соответствии с данным графиком был согласован прогнозируемый приток в Шардаринское водохранилище.

Кроме того, стороны отчитались о ходе работ по реализации задач, поставленных на саммитах Глав государств - учредителей Международного фонда спасения Арала. Следующее 92-е заседание МКВК пройдет в 2026 году в Таджикистане.

Прошедший поливной период прошел в непростых климатических условиях, но взаимодействие всех государств, входящих в МКВК, позволило обеспечить стабильное прохождение вегетации. Основа дальнейшей совместной работы закладывается на подобных заседаниях. Мы и наши партнеры из стран Центральной Азии нацелены на справедливое распределение трансграничных водных ресурсов с учетом интересов всех сторон, - отметил министр водных ресурсов и ирригации РК Нуржан Нуржигитов.

По материалам Д.Жусупбековой, inform.kz, фото: Минводы и ирригации.

ТАҒАМНАН УЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Тағамнан улану дегеніміз - микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушандық.

Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы.

Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және коректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериалды улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады.

Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының,

санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады.


Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет. Аурудың алдын-алу жолдары:

- тамақтанар алдында қолды жуу;
- термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу;
- тек қайнатылған немесе бөтелке суын ішу;
- тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау;
- кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу;
- үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау;
- тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау.

Н. ҚАЗБЕК,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшы орынбасары, ашық көздерден алынған фотосурет.

СЕРОЗДЫ МЕНИНГИТ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Энтеровирустар пикорновирустар тобына жатады. Оларға полиомиелит вирусының 3 типі, А Коксаки вирусының 23 типі, В Коксаки вирусының 6 типі, ЕСНО-вирусының 31 типі және 68-71 энтеровирусының 4 типі жатады. Ішек вирусы тобының құрамына кіреді. Энтеровирустар адамда энтеровирустық инфекциялар деген терминмен біріктірілген бірқатар аурулар тудырады, соның ішінде – сероздық менингит, өзіне тән емес қызбалық, өкпенің ісінуі, экзантемалар, перикардит, миокардит, сал және тағы басқалар.

Энтеровирустардың таралу жолдары әртүрлі. Энтеровирустық инфекциялар көбінесе нәжіс-ауыз қуысы арқылы (ластанған тағам өнімдері, көкөністер мен жемістер, су, әсіресе ашық су қоймаларында, хауыздарда шомылғанда), тұрмыстық жолмен (вирусты тасымалдаушымен тікелей қарым-қатынаста болу, немесе үйде қолданылатын ластанған заттар арқылы) және ауа-тамшылары - жөтелгенде, түшкіргенде сілекей тамшылары, қақырық арқылы беріледі. Энтеровирустық инфекциялармен жапа шегушілердің көбісі үш жастан алты жасқа дейінгі балалар арасында кездеседі, жасы ұлғайған сайын сырқаттанатындар саны

азаяды, өйткені инфекция қоздырғыштарын ағза қабылдамайды. Бір жасқа дейінгі сәбилер арасында жұқпа ауыр түрде өтеді.

Көбінесе сырқат суық тиюдің жеңіл белгілерімен басталады. Әлсіздік, дімкестік, дене қызуының 39-40⁰С-қа көтерілуі, бас ауруының үдеуі, жүрек айнуы, құсу, іштің ауруы, аяқ-қолдың тартылуы да мүмкін. Аурудың алғашқы күдікті белгілері пайда болған кезде дереу дәрігерге көріну қажет, өйткені энтеровирустық инфекция, соның ішінде серозды менингиттің ағзаға (көз көрмей, құлақ естімей қалады және психиканың дамуына кедергі болады) тигізетін теріс әсері зор. Энтеровирустық инфекциялардың, соның ішінде серозды менингиттің алдын алу шаралары кез келген ішек инфекцияларының шараларына ұқсас болып келеді. Ауырмау үшін келесі қағидаларды білу қажет:

- ішу үшін тек қана қайнатылған немесе бутылкадағы суды қолдану керек;
- әрбір тамақ ішер кезде және дәретханадан кейін қолды сабынмен жуып, жеке және қоғамдық гигиенаның қағидаларын қатаң сақтау қажет;
- түшкіргенде және жөтелгенде бір рет қолданатын майлықтарды пайдалану қажет;
- жемістер мен көкөністерді қолданар алдында алдымен щеткамен, сосын қайнап тұрған сумен мұқият жуу керек;
- тек қана арнайы келісілген орындарда ғана шомылу қажет және оның суын жұтпауға тырысу керек;
- ауру деңгейі көтерілген кезеңде хауыздарға, аквopарктерге және ашық су қоймаларына барудан бас тарту керек;
- жеке адамдардан және сауда үшін белгіленбеген орындардан тамақ өнімдерін сатып алмау керек;
- бөлмелерді жиі желдетіп, сулы тазалау жұмыстарын жүргізу қажет;
- ауырған балаларды бала-бақшаға және мектепке жебермеу керек.

Естеріңізде болсын, ауырып ем іздегенше, аталған қарапайым шараларды орындап, оның алдын алу оңай!

Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ ВИРУСЫ

Адам папилломавирусы (АПВ) - тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Көптеген адамдарды АПВ аландатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломавирусын жұқтыруымен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 95% - дан астам жағдайда жатыр мойны обырын (ЖМО) адам

папилломавирусы (АПВ) тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы АПВ-ның екі түрлі вирус штаммдарынан туындайды.

АПВ бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы АПВ жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары.

Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде ЖМО анықталады және одан 340 мың әйел қайтыс болады, ал Қазақстанда жатыр мойны обырының 1600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 500-ден астам әйел қайтыс болады.

Қазақстанда жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр.

Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

Қазақстанда 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарланып, жүргізілуде. Адам папилломавирусына (АПВ) қарсы Вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі, вакцинация 11 жастағы қызбалаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес тандалды, себебі 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, себебі тұрақты иммунитет қалыптасады.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді (соның ішінде Австралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ). Орталық Азия елдері бойынша, көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан АПВ қарсы вакцинацияны енгізген.

Ең тиімді қорғану әдісі - вакцинация. Вакцинамен қорғануға болатын - жалғыз қатерлі ісік түрі – бұл жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

Р.БИМАҒАМБЕТОВ,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

МОШЕННИКИ ОСВАИВАЮТ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА! БУДЬТЕ БДИТЕЛЬНЫ!

В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако одновременно с этим активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно пользуются возможностями быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Так, в социальных сетях периодически распространяются не соответствующие действительности ролики с рекламой и предложениями о вложении своих накоплений в различные облигации, акции и финансовые операции. Также оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники могут представляться сотрудниками государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций, в том числе Единого накопительного пенсионного фонда с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В связи с этим, АО «ЕНПФ» напоминает, что инвестированием пенсионных активов занимается Национальный банк (НБРК). Он выступает доверительным управляющим пенсионными накоплениями, вкладывая их в различные финансовые инструменты в соответствии с Инвестиционной декларацией, утвержденной Правительством. Помимо НБРК, в управлении пенсионными активами могут участвовать управляющие инвестиционным портфелем (УИП), которым можно передать часть накоплений. Перевод в УИП можно сделать только через портал АО «ЕНПФ», для этого не нужны никакие посредники.

Также в целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

- Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;
- ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;
- Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);
- Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;
- Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

- Сотрудники АО «ЕНПФ» не участвуют в различного рода роликах с предложениями о переводе, вложении своих накоплений, а также покупке каких-либо акций и финансовых инструментов.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗК/ЕНПФ;
- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;

- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

"Чекті талап етіңіз, жүлдені ұтып алыңыз" акциясы қайтадан іске қосылды! Тек екі шарты бар: «Amian» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кез-келген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған. Нымымен қоса, токсынына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.

Акция "Требуи чек, выиграй приз" снова работает! Всего два условия: приложение «Amian» и любой фискальный чек с датой выдачи не более 24 часов загруженный в приложение и всё вы уже участник акции. Каждый день розыгрыш от 5 до 10 тысяч тенге. И это еще не всё, раз в квартал в каждой области Казахстана будет определен лидер по количеству фискальных чеков, загруженных в приложение. Он получит вознаграждение в размере 100 тысяч тенге. Требуи чек каждый день и выигрывай реальные деньги, реальные деньги!

Департамент государственных доходов по Кызылординской области.

ЛИСТЕРИОЗ



Листерия (Listeria monocytogenes-s) - әр түрлі жолымен жұғатын моноклеарлы фагоциттердің зақымдануымен жүретін, жедел түрде қызбамен, жалпы интоксикациямен өтетін ангиозды, септикалық, жүйелік түрлерінде өтетін зоонозды инфекция. Қоздырғышы листерия-Vertae monocytodens, 1911 жылы ашылған, таяқша тәрізді ширақталған қозғалмалы бактериялар. Әлсіз қышқылды ортада жақсы өседі. Төменгі температураға төзімді, қайнатқан кезде 3-5 минут ішінде жойылады. Топырақта, лайланған суда бірнеше жылға дейін сақталады. Сүт, ет тағамдарында 4-6 градуста да жойылмайды, керісінше көбейеді. Көкөністердің ластануы топырақ арқылы немесе көңді тыңайтқыш ретінде пайдалану арқылы пайда болуы мүмкін.

Листерия табиғи ошақты зоонозды инфекция. Қоздырғыштың резервуары болып кемірушілер болып табылады (тышқандар, егеу құйрықтар, қояндар). Жұғу жолдары алиментарлы жануарлардың өнімдерін қолданғанда, трансмиссивті жолмен кене және басқада қан сорғыштар арқылы, аэрогенді жолмен де жұғылады. Жыныстық қатынас арқылы адамнан-адамға жұғады, кей кезде анандан балаға жатыр ішілік жұғуы мүмкін. Инкубациялық кезеңі 3-4-5 күнге дейін.

Жалпы клиникалық белгілері: диарея, қызба, бас ауруы, миалгия (бұлшық ет ауруы) көздің қызаруы, көз көруінің төмендеуі, құлақ асты лимфа түйіндерінің үлкеюі және ауырсынуы байқалады.

Катаральды симптомдар айқын көрінеді. Сепсистің пайда болуына әкеп соғады. Бұл кезеңде дене қызуы көтеріліп 36-39C 15-20 күнге дейін сақталады. Науқастың бетінде гиперемия байқалады, конъюнктивит байқалады. Мойын лимфа түйіндері үлкейеді, бауыр және көкбауыр аздап үлкейеді. Теріде полиморфты бөртпелер байқалады.

Жүйкелік формасы: листериозда менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, ми абсцесі, перифериялық жүйке жүйесі зақымдалады. Ауру жедел басталады, бас ауруы, қайталамалы құсу. Желке бұлшық ет регидтілігі, Керниг-Брудзинский симптомдары оң, гипертензия, клоникалық тартылыстар, естің бұзылуы, сандырақ, бұлшық еттердің тартылысы байқалады. Психикалық бұзылыстар және параличтер болуы мүмкін. Листерияоздың жүйкелік түрі көбінесе бір айға дейінгі балаларды немесе 40 жасан жоғары адамдарда кездеседі.

Септико-гранулематозды түрі-нәрестелерде және ұрықтарда кездеседі. Аурудың жалпы белгілері тыныс алудың бұзылуымен сипатталады. Құсу, розеолезді-папулезді бөртпелермен сипатталады. Гидроцефалия, бас миының атрофиялық аномалиялар жиі ұшырайды. Көзді-бездік түрі сирек кездеседі. Ауру жануарлармен қарым қатынаста болған кезде кездеседі. Көз көруі төмендейді. Құлақ асты, жақ асты лимфа түйіндері үлкейеді және ауырсынады. Дене қызуы әр уақытта жоғары болады. Аурудың ұзақтығы 1-3 айға созылады.

Созылмалы түрі клиникалық көріністерге байқалмайды. Аурудың өршуі қысқа уақытты дене қызуымен, катаральды көріністермен кей-кезде ауру созылмалы пиелонефрит түрінде кездеседі. Листерияоздың осы түрі көбінесе жүкті әйелдерде жиі кездеседі. Аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда дереу аймақтық дәрігерге қаралыңыздар.

О.СӘРСЕМБАЙ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ҚЫШЫМА АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылдың 11 айында Қышыма аурушандығынан 3 жағдай тіркеліп, 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 8,33 құрайды. 14 жасқа дейінгі бала -2 жағдай, 2024 жылмен салыстырғанда аурушандық 3 жағдайға өскен (2024ж - тіркелмеген).

Қышыма сияқты паразиттік аурулар мектепте, балабақшаларда, жұмыста, қонақ үйде, пойызда және басқа да қоғамдық орындарда адамнан адамға байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сонымен қатар, ауру кез-келген жастағы және әлеуметтік мәртебедегі адамдарға әсер етеді. Қышыма диагностикалау мен емдеудегі жетістіктерге қарамастан, бұл дерматозбен ауыру мәселесі өзекті болып қала береді.

Қышыма маусымдық ауру болып саналады, әдетте күз және қыс айларында таралады.

Қышыманы (Scabies) қышыма кенелері деп аталатын жәндіктер тудырады. Балалар арасында жиі кездеседі, өйткені жұқа тері кененің оңай енуіне ықпал етеді.



Қышыма кенесінің аналықтары теріге түсіп, жұмыртқа салатын тері ішілік жолдарды салады. Ұрғашысының өмір сүру ұзақтығы-1,5 ай, осы уақыт ішінде ол шамамен 40-50 жұмыртқа салады. Ұрғашысы қышуды тудыратын зат бөледі. Толық даму циклі 2 аптаға созылады. Кенелер існен тыс 5-14 күн тұрады.


Белгілері: түнгі уақытта қатты қышу. Теріде қызыл дақтар түріндегі бөртпелер пайда болады. Қышыма жолдары ұзындығы 1-3 см сұр түсті жұқа жолақтар түрінде көрінеді, олардың бір шетінде қара нүкте - кене ұрғашы көрінеді. Көбінесе қышыма білезік аймағында, саусақтардың бүйір бетінде және сан аралық қатпарларда пайда болады. Кішкентай балаларда қышыма терінің кез келген бөлігін зақымдайды және есекжемге ұқсайды.

Қышыманы тек жанау және тұрмыстық қатынас арқылы жұқтыруға болады: паразиттердің «іесімен» тікелей байланыс (теріге ұзақ уақыт жанау), қышымамен ауыратын адамның іш киімдері немесе төсек-орындары, жұмсақ жиһаздар, шкаф, монша немесе бассейн бөлмесі, жануарлар арқылы (мысықтардың, иттердің және басқа үй жануарларының қалың жүнінде кенелердің ерекше түрлері жиі кездеседі, бұл адамға

паразиттік әсер етуі мүмкін).

Сондықтан гигиеналық ережелерді сақтамау инфекция ықтималдығын арттырады.

Қызмет көрсету саласының қызметкерлері – профилактикалық тексерулер кезінде, стационарларда емделіп жатқан пациенттер, су спорт түрлері, шығыс жекпе - жегі және күрес бойынша топтарға баратын адамдар-спорт секцияларына түсу кезінде медициналық тексеруге жатады (бұдан әрі олар жылына бір рет осындай тексеруден өтуі тиіс). Осы ретте, білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін – жылына бір рет, міндетті медициналық тексеруден өту кезінде тексеру қажет. Өзіңізді қышымадан қалай қорғауға болады? Науқас байланыста болған заттарды, киімдерді, ойыншықтарды, жиһаздарды және басқа заттарды дезинфекциялау маңызды. Мұнда термиялық әдістер немесе кенеге қарсы арнайы құралдар көмектеседі, ал егер жұмсақ ойыншықтар туралы айтатын болсақ,



оларды өңдеуден кейін паразиттерді толығымен жою үшін 3-5 күн бойы жабық полиэтилен пакетке салу керек. Егер адам қышымамен ауырса, ауруға қайтадан шалдықпау үшін емдеуден кейін де диспансерлік бақылауды жалғастыру маңызды. Дәл осындай шараларды науқастен байланыста болғандар да сақтауы керек: өкінішке орай, бұл ауру әлеуметтік – экономикалық әл-ауқатқа қарамастан кез-келген адамға жұғуы мүмкін.

Емдеу болмаса, қышыма жойылмайды! Өзің-өзі емдеу ұзақ уақытқа созылуы мүмкін және басқа инфекциялардың дамуын тудыруы мүмкін. Қышыманы жеңу үшін науқастың қасындағы барлық адамдар емделуі керек. Емдеу киімді, төсекті, бөлмені дезинфекциялаумен бір мезгілде жүргізілуі керек.

Егер қышыманың алғашқы белгілері пайда болса, дәрігерге барыңыз!

Гүлзираш Сыдыққызы АЙМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ: КӨРІНІСІ, БЕЛГІЛЕРІ, АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Тұмау - бұл барлық жастағы адамдар мен балаларға әсер ететін вирустық инфекция. Тұмау эпидемиялары жыл сайын, әдетте суық мезгілде болады. Дүние жүзінде тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар ауруының саны бойынша бірінші орында тұр, олардың жұқпалы аурулар құрылымындағы үлесі 95%-ға жетеді. Тұмау және ЖРВИ денсаулықты бірте-бірте әлсіретіп, адамның орташа өмір сүру ұзақтығын бірнеше жылға қысқартады. Тұмаудың ауыр жағдайында жүрек-қан тамыры жүйесі, тыныс алу мүшелері, орталық жүйке жүйесінің қайтымсыз зақымдануы жиі кездеседі, бұл жүрек және қан тамырлары ауруларына, пневмонияға, трахеобронхитке және менингоэнцефалитке әкеледі. Тұмауға ең көп шалдығатындар созылмалы аурулардан зардап шегетін халықтың егде топтарының арасында кездеседі.

Тұмау вирусы өте оңай беріледі:
Ең көп тараған жұғу жолы - ауа тамшылары арқылы;
Тұрмыстық жұқтыру, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы да берілуі мүмкін.

Жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде науқастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншақтарынан патогенді микрофлорасы бар сілекей және қақырық бөлшектері, соның ішінде тұмау вирустары бөлінеді. Науқастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар жұқтырған аймақ пайда болады. Олардың дисперсия диапазоны әдетте 2 - 3 м-ден аспайды. Жеке гигиенаны сақтай отырып, тыныс алу жолдарының инфекциясын тудыратын патогендердің таралуын болдырмауға болады.

Тұмау белгілері мен себептері:



Тұмау күтпеген жерден келіп, санаулы сағаттардың ішінде дененізге толығымен таралады;
Тұмау температураның күрт көтерілуімен (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықтың жоғарылауымен, бүкіл дененің ауырсынуымен, сондай-ақ, бас және бұлшықет ауырсынуымен сипатталады;
Тұмаудың бірінші күні мұрыннан су ағу болады, бұл тек осы вирусқа тән;
Тұмаудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші-бесінші күні, ал соңғы сауығуы 8-10-шы күні болады.

Барлығымыз өз денсаулығымызды және айналамыздағы адамдардың денсаулығын ойлауымыз керек.

Алдын-алу шаралары:
Науқас болып көрінетін немесе дене қызуы және жөтелі бар адамдармен жақын араласудан аулақ болыңыз;
Адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;
Ауыз бен мұрынды ұстамаңыз;
Қол гигиенасын сақтаңыз - қолыңызды сабынмен немесе бактерияға қарсы құралдармен жиі жуыңыз, әсіресе ауыз бен мұрынды ұстаған кезде.

Тұрғын үй - жайларға таза ауа ағынын көбейтіңіз, терезелерді мүмкіндігінше жиі ашыңыз.

Ауру адаммен байланыста болған кезде бетперде қолданыңыз.

Салауатты өмір салтын ұстаныңыз, соның ішінде жеткілікті деңгейде ұйықтаңыз, құнарлы тағамдарды тұтыныңыз және физикалық белсенділікті арттырыңыз.

Халықты профилактикалық иммундау (вакцинация) - тұмаудың ең тиімді профилактикасы болып табылады. Өз кезегінде, вакцинациядан бас тартудың негізгі қауіпі - ауру адаммен байланыс арқылы тұмауды жұқтыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, вакцинацияланбаған адам басқаларға ықтимал қауіпті, өйткені ол жұқпалы аурудың тасымалдаушысы болып табылады.


Р.БИМАМБЕТОВ,
Сырдария аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

НА СОЛНЦЕ НАЧИНАЕТСЯ ПЕРИОД НИЗКОЙ АКТИВНОСТИ

Плазма от последней вспышки области 4274 все-таки достигла Земли, передает агентство Kazinform со ссылкой на Лабораторию солнечной астрономии ИКИ РАН.

К Земле пришла периферия плазменного облака от вспышки X4.0 в области 4274, хотя сама группа пятен уже ушла за край солнечного диска. На момент прохождения выброса она уже не наблюдалась на солнечном диске. Таким образом, событие стало «последним сигналом» от региона, который породил шесть вспышек X-класса, включая два самых мощных события года, и затем ушел на обратную сторону Солнца.

Несмотря на необычную геометрию выброса - плазма пришла под углом около 60 градусов - удар оказался слабым. Фиксируются скачки магнитного поля и небольшой рост плотности,



типичные для периферии выбросов. Также отмечено повышение температуры и скорости солнечного ветра. Геомагнитные индексы плавно растут, но остаются в зеленой зоне.

Наблюдения допускают вариант, что более сильный удар может еще последовать, однако текущее развитие событий указывает на умеренный характер воздействия.

После ухода области 4274 солнечный диск выглядит почти пустым. Если новых активных регионов не появится, на Солнце ожидается период пониженной активности.

Напомним, несколько дней назад магнитная буря планетарного масштаба произошла на Земле.

По материалам А.Палагутиной, inform.kz, Изображение: Лаборатория солнечной астрономии ИКИ РАН.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ - БАСТЫ МІНДЕТ

«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Сырдария аудандық архиві» филиалының қызметкерлері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны болдырмау және архив ісі барысында қызметтік этика талаптарының сақталуын үнемі қамтамасыз етуде. Бүгінгі таңда мемлекетіміз сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарларын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң және шешуші түрде ымырасыз әрі жан-жақты жоспарлы күрес жүргізіп отырғаны баршаға аян. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор деп ойлаймын.

«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-нің «Сырдария аудандық архиві» филиалы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 329 бұйрығын басшылыққа ала отырып "Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік қызметін көрсетуді жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалардың сұранымдарын орындау архив қызметінің негізгі бағыты болып есептеледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына "электрондық үкімет" www.egov.kz - веб-порталы арқылы жүгінеді. Бүгінгі күнге дейін жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен 1007 өтініштің 987-сі қанағаттанарлық болса, қалған 10 өтініш яғни өтініште сұраған сұралымдары бойынша құжаттар аудандық архив филиалы қорына сақталуға түспеуіне байланысты қанағаттанарлықсыз болып орындалды. Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Аталмыш қызмет көрсету барысында азаматтарға әлеуметтік-құқықтық сипаттағы келесі мәліметтерді: еңбек өтілін, еңбек ақысының мөлшерін, жасы, отбасы құрамы, зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, бас бостандығынан айыру орындарында болу, азаматтық хал актілер және мемлекеттік архивте сақталған өзге де мәліметтерді растау туралы архивтік анықтама, архивтік құжаттардан куәландырылған архивтік көшірмелер мен үзінділер береді.

Еліміз бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылып, аталмыш бағдарлама аясында 2013 жылдан бастап аудандық архив филиалы қорында сақталуы тұрған құжаттарды сканерлеу арқылы электронды жүйеге көшіру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құжаттарды цифрландыру дегеніміз - құжаттарды сканерлеу арқылы түпнұсқалығын бүлдірмей оның электронды форматта сақталуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта «Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-нің «Сырдария аудандық архиві» филиалында сақтауда тұрған құжаттарды сандық форматқа көшіру толықтай жолға қойылды. Қоймада сақтауда тұрған мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерден алынған маңызды құжаттарды атап айтқанда жеке құрам бойынша және негізгі қызметке байланысты бұйрықтар, айлық жалақы есептеу ведомостері, қаулылар, шешімдері және басқа да тұрақты сақталатын құжаттар сандық форматқа көшірілуде. Бұл құжаттарды толығымен цифрландырып, азаматтардың қажеттілігін өтеу - архив қызметкерлерінің міндеті.

Үнемі нәтижелі жұмыс жасауды мақсат етіп қойған архив саласының мамандары дерек пен дәйекті таразылап, үздік қызмет көрсетуге барын салады.

**"Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві" КММ
"Сырдария аудандық архиві".**

ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ



Вакцина - әлсіреген немесе өлтірілген микроорганизмдерден, олардың метаболизм өнімдерінен немесе адамдар мен жануарларды вакцинациялау үшін қолданылатын микроб жасушаларының немесе вирустардың жеке антигендік компоненттерінен жасалған препарат.

Вакцинация (немесе егу) – инфекцияның алдын алатын немесе оның салдарын әлсірететін жұқпалы ауруға қарсы иммунитетті тудыру мақсатында адам ағзасына вакцинаны енгізу. Вакциналық профилактика - белсенді спецификалық иммунитетті құру арқылы жеке адамдарда және қоғамда жұқпалы аурулардың дамуын болдырмау мақсатында вакциналарды қолдану.

Барлық вакциналар медициналық иммунобиологиялық препараттар болып табылады, өйткені олар дәрігердің қадағалауымен енгізіледі және арнайы технологияны қолдана отырып өңделген патогенді камтиды, оған қарсы иммунитетті құру жоспарлануда. Вакциналар тек өздері тағайындалған аурулардан қорғайды.

Дәрілік заттардың стерилділігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және дәрілік заттардың қауіпсіздігін бақылау үшін халықаралық ұйымдар ұсынған консерванттармен қамтамасыз етіледі. Бұл заттар адам ағзасына енгізуге рұқсат етілген. Вакциналардың толық құрамы оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген. Егер адамда белгілі бір вакцинаның құрамдас бөліктерінің кез

келгеніне ауыр аллергиялық реакция болса, онда бұл әдетте оны енгізуге қарсы көрсетілім болып табылады.

Миллиондаған адамдардың өмірін сақтау

Иммунизацияның арқасында жер бетінде шешек жойылып, полиомелит жойылуға жақын. Иммунодау дифтериядан, сіреспеде, көкжөтелден және қызылшадан жыл сайын 2-3 миллион өлімнің алдын алады.

Қазақстанда жұқпалы ауруларға қарсы имундау балалардың және бүкіл халықтың денсаулығына мемлекеттің кешенді қамқорлығының бір бөлігі болып табылады.

Ең үздік әлемдік тәжірибе негізінде екпе күнтізбесін үздіксіз жетілдіруге, оған жаңа тиімді вакциналарды енгізуге ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес дифтерия, көкжөтел, сіреспе, қызылша, қызамық, полиомелит, туберкулез, эпидемиялық паротит, В гепатиті, НВ, пневмококк инфекциясы бойынша жоспарлы имундауды жүзеге асыру көзделген. Қазақстан Республикасында вакцинация күнтізбесі бойынша егу оңай және тегін.

Елімізде вакциналар мен инъекциялық материалдардың сапалы жеткізілуін қамтамасыз ететін заңнамалық база бар, вакциналарды болжау және сатып алу процесі бар, олардың рөлін жақсы түсінетін және бұл жұмысты атқарып жатқан тиісті органдар бар. Ұлттық күнтізбеде қолданылатын вакциналардың сапасына ДДҰ алдын ала квалификациясы арқылы кепілдік беріледі. Профилактикалық егу жоспары негізінде қауіпсіз, уақытылы, сапалы және толық имундаумен қамтамасыз етуге кепілдік беретін вакциналар мен қауіпсіз имундау құралдарына қажеттілік есептеледі.

Вакцинация – балаларды көптеген жұқпалы аурулардан қорғаудың ең тиімді құралы

Табиғи түрде вакциналар баланың имундық жүйесін алдын-ала үйретеді, олар инфекцияға тап болған кезде оны қалай тез жеңуге болады. Вакцинация - баланы ауыр аурудан қорғаудың ғылыми дәлелденген ең қауіпсіз және тиімді әдісі.

Вакцинацияның арқасында қауіпті инфекциялардың эпидемиясын тежейтін халықтың қорғалған қабаты қалыптасады. Қазақстан Республикасында балаларды вакцинациялау Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес, дәрігердің алдын ала тексеріп-қарауынан кейін, қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда және заңды өкілдерінің бірінші ерікті келісімі бойынша жүргізіледі.

**Г. ТУСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.**

НАЧАЛАСЬ ОСЕННЯЯ ПОСАДКА САКСАУЛА НА ДНЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ

На осушенном дне Аральского моря (ОДАМ) начался осенний этап лесомелиоративных работ, передает агентство Kazinform со ссылкой на Министерство экологии и природных ресурсов РК. Работы проводятся в рамках поручения Главы государства по созданию саксауловых насаждений на площади 1,1 млн гектаров до 2025 года.

Площадь осушенного дна Аральского моря составляет 6 млн гектаров, из которых 2,8 млн гектаров расположены на территории Казахстана. Лесомелиоративные мероприятия направлены на снижение пылевого воздействия, восстановление деградированных земель и формирование устойчивых экосистем.

С 2021 по 2025 на ОДАМ выполнены лесомелиоративные работы на площади 792 тыс. га (высеяно 2083,4 т. семян саксаула/галофитных растений и высажено 48,7 млн. шт. саженцев саксаула) в том числе:

- в 2021 году - 101 тыс. га;
- в 2022 году - 250 тыс. га;
- в 2023 году - 194 тыс. га;
- в 2024 году - 127 тыс. га.

В 2025 году Комитетом лесного хозяйства планируется проведение лесомелиоративных работ на площади 340,9 тыс. гектаров на осушенном дне Аральского моря. Весной 2025 года посев осуществлен на площади 120 тыс. гектаров и посадка саженцев на 11,8 тыс. гектаров.

Кроме того, весной проведены дополнительные посадочные работы на участках с низкой приживаемостью растений - на площади 13 250 гектаров (4 млн штук растений), выполненные на областном уровне.

Сейчас на уровне области ведутся работы по лесоразведению на площади 100 тыс. гектаров (102 млн штук), из них 15 тыс. гектаров - это посадка саженцев саксаула (4,5 млн штук).

По данным ведомства, на сегодня из временных питомников лесного хозяйства выполнено 4,3 млн саженцев саксаула (95,6%), и на площади 8 тыс. гектаров завершены работы по их посадке.

Для обеспечения посадочным материалом работ на ОДАМ в рамках реализации проекта, финансируемого Всемирным банком, в Казалинске завершено строительство питомника площадью 33 гектара. По проекту здесь будут выращиваться сеянцы саксаула и галофитных кустарников для дальнейшей посадки на ОДАМ,



мощность питомника 3 млн. шт сеянцев в год. Также Министерство под научным сопровождением планирует создание нового лесного питомника непосредственно на осушенном дне. Получаемый на этом питомнике посадочный материал будет более адаптирован к аридным условиям осушенного дна, что повысит качество лесных культур.

Для охраны лесных насаждений, продолжения указанных работ, сохранения и развития биоразнообразия планируется создание Республиканского государственного учреждения «Государственный лесной природный резерват „Арал орманы“ при Комитете лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

**По материалам Н.Мосуновой, inform.kz,
фото: Министерство экологии и природных ресурсов РК.**

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ: 12 АЙДА - 3,11 ТРЛН ТЕҢГЕ

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған және ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген табыстылығы 12,90% инфляция кезінде 14,11% болды. 2024 жылдың қазанынан бастап 2025 жылдың қыркүйегіне дейінгі кезең ішінде есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 3,11 трлн теңгеге жетті.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы активтерінің кірістілігі соңғы 12 айда 8,44% құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.

Орта және ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қазанға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік 1063,15% болды, ал бүкіл кезеңдегі инфляция 920,56%.

2014 жылдан бастап (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) жинақталған таза инвестициялық кіріс – 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 13,62 трлн теңге. Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі жүзеге асырылған төлемдер есебімен 42,8% жетті, бұл азаматтардың жинақтау құрылымында инвестициялық қызметтің маңызды орын алатынын көрсетеді.

Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті 2025 жылғы 3 сәуір мен 31 желтоқсан аралығында "Чекті талап ет - жүлдені ұтып ал!" республикалық акциясы өтіп жатқандығын хабарлайды, онда әрбір азамат ақшалай және басқа да бағалы сыйлықтардың иегері болуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, 2025 жылдың 1 мамырынан 31 желтоқсанына дейін "бәйге" акциясы басталды, оның қорытындысы бойынша облыстың ең белсенді қатысушысы тоқсан сайын 100 мың теңге ала алады. Акцияларға қатысу үшін Appstore немесе Playmarket-тен "Amian" тегін мобильді қосымшасын жүктеп алып, тауарлар мен қызметтер үшін фискалдық чектерді тіркеу қажет. Қатысыңыз және пайдамен жеңіңіз!

**Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер Департаменті.**

Департамент государственных доходов по Кызылординской области сообщает, что с 3 апреля по 31 декабря 2025 года проводится республиканская акция «Требуй чек - выиграй приз!», где каждый гражданин получает шанс стать обладателем денежных и других ценных призов. А также, с 1 мая по 31 декабря 2025 года стартовала акция «Байге», по итогам которой самый активный участник области может получить 100 тысяч тенге ежеквартально. Для участия в акциях необходимо скачать бесплатное мобильное приложение «Amian» из Appstore или Playmarket и зарегистрировать в нем фискальные чеки за товары и услуги. Участвуйте и выигрывайте с пользой!

**Департамент государственных доходов
по Кызылординской области.**

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР • ОБЪЯВЛЕНИЯ

«КОР» Мұнай компаниясы» АҚ, ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес, «Бастау кен орнында (№2 учаске) жер қойнауын пайдалану қызметінің салдарларын жою жобасына» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2025 жылдың 23 желтоқсанында, сағат 11:00 де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек а.о., Тереңөзек а., Қонаев көшесі, 8-үйде өткізіледі.

ZoomКонференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82163705842?pwd=YtI9f5cusBSlp2UOobeV9WQeBPWMcM.1>

Конференция идентификаторы: 821 6370 5842, кіру коды: 330188.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган:

ЖАО Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ҚММ,

эл. пошта: prd@korda.kz.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекенжай бойынша prd@korda.gov.kz және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында жолдануы қажет.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады:

zh.kalemova@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090-217.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «КОР» Мұнай компаниясы» АҚ адрес: 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Абай даңғылы, 58 Тел.: 8 (7242) 231300 E-mail: info@kor.kz БСН: 991140000357.

Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС-і, БСН991240001478, эл.:info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090(217).

АО «Нефтяная компания «КОР» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды» к «Проекту ликвидации последствий деятельности недропользования на месторождении Бастау (участок №2)» и План природоохранных мероприятий.

Общественные слушания состоятся 23 декабря 2025 года в 11:00 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек, ул.Конаева 8.

Ссылка на Zoom Конференцию: <https://us06web.zoom.us/j/82163705842?pwd=YtI9f5cusBSlp2UOobeV9WQeBPWMcM.1>.

Идентификатор конференции: 821 6370 5842, код доступа: 330188.

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания:

МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области»,

эл. почта prd@korda.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу prd@korda.gov.kz и на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: e-mail: zh.kalemova@kaznigri.kz, тел.: 8(7122)763090-217.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Нефтяная компания «КОР», Адрес: 120008, Кызылординская область, г. Кызылорда, проспект Абая,58; тел: 8 (7242) 231300; e-mail: info@kor.kz, БИН 991140000357.

Проектная организация: ТОО «КазНИГРИ», БИН:991240001478, эл.:info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090(217).

«Кен-Ай-Ойл-Кызылорда» ЖШС-і Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылдың 24 желтоқсан сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек а.о., Тереңөзек а., Қонаев к-ші, 8 мекенжайы бойынша ҚОҚ бөлімімен 2026 жылға арналған «Кен-Ай-Ойл-Кызылорда» ЖШС-не Тайказан кен орны үшін атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Кен-Ай-Ойл-Кызылорда» ЖШС-і БСН 020840003571.

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Тасбөгет кенті, М.Шокай, №9.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Конференция идентификаторы: 546 061 9818. Кіру коды: 123456

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Жобалар жөнінде қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

ТОО «Кен-Ай-Ойл-Кызылорда» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса Республики Казахстан, сообщает, что 24 декабря 2025 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек, ул. Конаева, 8 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект Нормативов эмиссий допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ), программа производственного экологического контроля (ПЭК)» с разделами ООС на 2026 год ТОО «Кен-Ай-Ойл Кызылорда».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Кен-Ай-Ойл-Кызылорда», БИН 020840003571, Республика Казахстан, г. Кызылорда, кент Тасбугет, М.Шокай, №9.

Ссылка на Единный экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Идентификатор конференции: 546 061 9818. Код доступа: 123456

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться на онлайн-режиме.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительные сведения о намечаемой деятельности: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

ЧТО МОЖЕТ ПОВЛИЯТЬ НА ПАВОДКИ 2026 ГОДА - СООБЩИЛИ В КАЗГИДРОМЕТЕ



Специалисты РГП «Казгидромет» обратили внимание на возможные риски паводков весной 2026 года из-за особенностей предстоящей зимы, передает корреспондент агентства Kazinform.

- В связи с выпадением обильных осадков и частой сменой оттепелей и возвратов холодов в почве и в снежном покрове будет образовываться ледяная корка. И это все может отрицательно повлиять на

прохождение паводкового периода 2026 года, - отметили в Казгидромете.

Это связано с тем, что ледяная корка замедляет впитывание талой воды в почву, увеличивая поверхностный сток и, как следствие, повышая риск подтоплений.

По материалам Д.Кенесбай, inform.kz, Фото: Дарья Аверченко/[Kazinform](https://kazinform.kz).

ГОРОДА С САМЫМ ГРЯЗНЫМ ВОЗДУХОМ НАЗВАЛИ В КАЗАХСТАНЕ



За последние пять лет стабильно высокий уровень загрязнения атмосферного воздуха был отмечен сразу в 7 городах - Алматы, Атырау, Актобе, Караганде, Темиртау, Петропавловске и Астане


Наблюдения за состоянием атмосферного воздуха в Казахстане показали очень высокий уровень загрязнения в 6 из 70 населенных пунктов. В их числе: Караганда, Сатпаев, Актобе, Кульсары и Астана, а также поселок Шубарши, сообщает Energypro.m.

Еще 11 населенных пунктов вошли в категорию высокого уровня загрязнения атмосферного воздуха: города Алматы, Атырау, Темиртау, Петропавловск, Талгар, Павлодар, Костанай, Абай, Туркестан, а также село Жанбай и поселок Кызылсай. К категории повышенного уровня загрязнения воздуха были отнесены 19 городов и 4 поселка, а к категории низкого уровня загрязнения - 16 городов, 8 поселков и 6 сел, - пишет источник.

Исследователи отмечают: за последние пять лет, с 2021 по 2025 год, стабильно высокий уровень загрязнения атмосферного воздуха был отмечен сразу в 7 городах - Алматы, Атырау, Актобе, Караганде, Темиртау, Петропавловске и Астане.

При этом в Атырау и Петропавловске основным загрязняющим веществом является только сероводород, в Актобе - диоксид азота и сероводород, а в Темиртау - оксид углерода, диоксид азота, сероводород и фенол. В Алматы, Караганде и Астане наблюдается широкий спектр загрязняющих веществ: взвешенные частицы (пыль, PM2.5 и PM10), оксид углерода, диоксид и оксид азота, сероводород; в Алматы дополнительно отмечается содержание в атмосферном воздухе диоксида серы и фенола, - говорится в исследовании.

За 2024 год объем выбросов загрязняющих веществ в атмосферу в Казахстане составил 2,3 млн тонн, из которых 1,8 млн тонн пришлось на газообразные и жидкие вещества, в том числе сернистый ангидрид (785,5 тыс. тонн), окись углерода (432,4 тыс. тонн) и окись азота (307,5 тыс. тонн).



Наибольший объем выбросов наблюдался в Павлодарской области: 687,8 тыс. тонн. Следом идут Карагандинская (445,3 тыс. тонн), Атырауская (152,8 тыс. тонн), Актюбинская (124 тыс. тонн), Костанайская (111,6 тыс. тонн) и Мангистауская (105,6 тыс. тонн) области. На эти шесть регионов суммарно пришлось две трети всего объема выбросов загрязняющих веществ в атмосферу.

Если брать ситуацию в мире, в 2024 году глобальные выбросы парниковых газов достигли 53,2 млрд тонн CO₂-эквивалента - на 1,3% больше, чем годом ранее. С 2020-го прирост составил 8,7%, а с 2015 года - 9,8%.

Основные доли глобальных выбросов пришлось на Китай (29,2%), США (11,1%) и Индию (8,2%). В пятерку крупнейших эмитентов парниковых газов также вошли Россия (4,8%) и Индонезия (2,5%).

Пять стран Центральной Азии суммарно дали лишь 1,4% от всего глобального объема выбросов. При этом наибольшие доли среди них пришлось на Казахстан и Узбекистан: 0,6% и 0,4% соответственно. Следом идет Туркменистан: 0,2%. На Кыргызстан и Таджикистан пришлось лишь по 0,04%.

Таким образом, РК продолжает оставаться страной с относительно небольшой долей выбросов парниковых газов, однако уровень загрязнения воздуха в отдельных городах страны стабильно высок, что требует усиления контроля за промышленными источниками и мониторинга качества атмосферного воздуха.

По материалам KAZAKHSTAN TODAY, фото: Energypro.m.

КӨКЖӨТЕЛ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығының зақымдалуымен және ауыр жөтелдің пайда болуымен сипатталатын жедел инфекция көкжөтел деп аталады.

Көкжөтел - жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығын зақымдайтын өте жұқпалы бактериялық ауру. Bordetella pertussis бактериясы денеге ауа тамшылары арқылы еніп, кеңірдектің және бронхтың ішкі қабығы аймағында көбейеді. Патогендік микроорганизмдер шығаратын токсиндер қабыну реакциясын және пароксизмальды жөтелді тудырады. Ауру дамыған сайын мидың тыныс алу орталығына әсер етуі мүмкін, бұл күлгенде, сөйлесу кезінде жөтелдің күшеюіне әкеледі. Сонымен қатар, көкжөтел жүрек-тамыр жүйесіне теріс әсер етеді. Ауруға байланысты иммундық жүйенің әлсіреуі қайталама инфекцияны тудыруы мүмкін. Көкжөтел көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда диагноз қойылады, бірақ инфекция ересек пациенттерде де болуы мүмкін. Бұл ауру көбінесе пневмония, мидың зақымдануы немесе инфекциядан өмірге қауіп төндіретін басқа асқынуларды дамытатын нәрселер үшін ең үлкен қауіп төндіреді. Науқас адам патологияның алғашқы белгілері пайда болған сәттен бастап 25-30 күн бойы басқа адамдарға жұқтыруды жалғастырады. Вакцинациядан кейін көкжөтел инфекциясы әдетте өткір белгілерді тудырмайды. Көкжөтелді емдеу дәрі-дәрмектерді және калпына келтіретін терапияны тағайындауды қамтиды.

Көкжөтел белгілері

Аурудың белгілері бірнеше күннен екі аптаға дейін созылуы мүмкін. Аурудың бірінші кезеңі құрғақ жөтелмен, дене температурасының аздап жоғарылауымен және мұрыннан су ағуымен сипатталады.

Басқа да белгілері:

- Дем алу кезіндегі ысқырықты дыбыс;
- Кеудедегі жағымсыз сезімдер;
- Тамақтың тітіркенуі;
- Жөтел кезінде ауаның жетіспеушілігін сезіну;
- Түнде жөтелдің күшеюі;
- Әлсіздік пен шаршау;
- Мазасыздық;
- Төбеттің нашарлауы;

Көкжөтелдің пайда болу себептері

Ауа арқылы жұғу бактериялардың жөтел және сөйлесу кезінде бөлінетін сілекей арқылы таралуын қамтиды. Осыған байланысты ауру науқаспен байланыста болған барлық адамдарда пайда болуы мүмкін. Көкжөтел әсіресе бала бақшаларда тез таралады. Көкжөтелге қарсы туа біткен иммунитет жоқ, сондықтан барлық адамдар ауруға бейім, алайда вакцинациядан немесе көкжөтел ауруымен ауырған болса тұрақты қорғаныс қалыптасады. Егде жастағы адамдарда көкжөтелдің қайталануы сирек анықталады.

Қауіп факторлары:

- Науқастың жасы 7 жасқа дейін;
- Вакцинацияның болмауы;
- Науқаспен бірге тұру немесе оқу орындарына бару кезінде инфекция тасымалдаушыларымен үнемі байланыста болу;

- Туа біткен немесе жүре пайда болған иммунитеттің бұзылуы.

Вакцинация бактериядан өмір бойы қорғауды қамтамасыз етпейді, сондықтан вакцинация кестесіне сәйкес екпе алу қажет. Сауықтырудан кейін науқас ұзақ мерзімді тасымалдаушысы болып қалуы мүмкін, сондықтан инфекция бір көзден ұзақ уақыт бойы таралуы мүмкін.

Көкжөтелді алдын алу

Көкжөтелдің алдын алуға бағытталған медициналық ұсыныстар инфекция ең ауыр асқынуларды тудыруы мүмкін балалық шақта өте маңызды.

Алдын алудың негізгі әдістері:

- Көкжөтелге қарсы 3 айлығында жоспарлы екпе алу. Балаға 6 апталық аралықпен үш екпе алу қажет;
- Тыныс алу жолдарының инфекциясының белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге уақытылы қаралу;
- Науқас адамдармен қарым-қатынасты болдырмау.

Н. ҚАЗБЕК,**Сырдария аудандық санитариялық-****эпидемиологиялық бақылау****Басқармасының басшы орынбасары,****ашық көздерден алынған фотосурет.**

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫ

Көкжөтел - бұл көбінесе балаларда байқалатын және белгілі бір клиникалық көрінісі мен белгілері бар инфекциялық ауру. Көкжөтелдің ерекшелігі - тыныс алу функциясының бұзылуы және аурудың дамуы кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарының зақымдануы.

Жиі асқынулар екі жасқа дейінгі балалар мен қарт адамдарға анағұрлым тән. Алайда, кез келген жаста ауру әл-ауқатты едәуір нашарлауы мүмкін, сондықтан көкжөтел белгілері мен инфекцияны жұқтырудың алдын алу әдістерін білу маңызды.

Көкжөтелдің белгілері жоғары тыныс жолдарының бактериялық инфекциясына ұқсас:

- дене қызуының +38°C-қа дейін көтерілуі, қалтырау;
- әлсіздік, бұлшықеттердің «сырқырауы», бас ауруы;
- мұрын жолдарынан ағу, мұрынның бітелуі, құрғақ жөтел, шырышты қабықтың ісінуі.

Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-тамшылы жолмен жүғады. Ауру адам аурудың айқын сатысы басталғаннан кейін 30 күн ішінде алғашқы патологиялық көріністерден инфекцияны тарата алады. Жөтелдің қарқындылығы сияқты белгі биологиялық сұйықтықтағы (сілекей, шырышты қақырық) қоздырғыштың таралу дәрежесімен байланысты.

Көкжөтелге қарсы негізгі алдын алу шарасы вакциналау болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан: дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден,



полиомиелиттен, В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында АБКДС бар бес және алты компонентті құрама вакциналарды қолдана отырып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет, оның ішінде 2 айдан бастап 1 ай аралығымен 3 екпе, содан кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцинация 6 жаста жүргізіледі.

Балаңызды иммундауды кешіктірмеңіз! Оның денсаулығы - сіздің қолыңызда!

Г.Ж.ЖҰБАНДЫҚОВА,**Қазалы аудандық санитариялық-****эпидемиологиялық бақылау****Басқармасының бөлім басшысы,****ашық көздерден алынған фотосурет.****ЛИСТВА СПАСЁТ САД ЗИМОЙ:
ЭКСПЕРТ РАССКАЗАЛ,
КАК УБЕРЕЧЬ КОРНИ ДЕРЕВЬЕВ**

Опавшая осенняя листва может сыграть важную роль в зимней защите плодовых деревьев. Как рассказал в беседе с NEWS депутат Госдумы Николай Чаплин, именно такой природный материал способен помочь корневой системе лучше пережить длительные морозы.

По его словам, перед использованием листьев важно убедиться, что на деревьях не было инфекций. Если растения в текущем сезоне болели, такой опад лучше не оставлять под ними. Чаплин отметил, что заражённые листья стоит аккуратно убрать и отправить в компост -

это позволит не допустить зимовки возможных возбудителей болезней непосредственно у корней.

Ту листву, которая не вызывает сомнений по состоянию, можно равномерно разложить вокруг стволов. Такой слой подстилки создаст естественную теплоизоляцию и поможет сохранить корни от промерзания, подчеркнул парламентарий.

По материалам gismeteo.ru,
фото © Shutterstock/FOTODOM.

**ҚР ҰБ ЖӘНЕ ИПБ
БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ПОРТФЕЛЬДЕРГЕ ШОЛУ:
2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНДАҒЫ
ЖАҒДАЙ БОЙЫНША**

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика - Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - КРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша КРҰБ пен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі - 25 716,69 млрд теңге. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, КРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 25 047,64 млрд теңге болды. КРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі - 594,85 млрд теңге.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 74,20 млрд теңге.

КРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

2025 жылғы 1 қазанда МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,08%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,33%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,66%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,95%, МҚҰ - 1,23%, КРҰБ депозиттері – 0,87%.

2025 жылғы 1 қазандағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валюталағы инвестициялар – 56,75%, АҚШ долларымен – 43,25%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 1 450,29 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс – 235,62 млрд теңге, сыртқы басқарудағы активтер бойынша алынған кіріс, оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен – 661,64 млрд теңге, өзге кірістер - 5,30 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болды. 2024 жылдың қазанынан бастап 2025 жылдың қыркүйегіне дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 3,11 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 14,11%, инфляция мөлшері – 12,90%.

2025 жылғы 1 қазандағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 98,53%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат - 0,86%, КРҰБ депозиттері – 0,61%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі 8,44% көрсетті.

Зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан, инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған жөн. Жекелеген кезеңдерде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығына, қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ инфляцияның ықпалына байланысты кірістіліктің төмендеуі байқалуы мүмкін. Кейбір құралдар бойынша алынған кіріс басқа құралдар бойынша уақытша шығындарды жабатын инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Соңғы 3 жылдағы инвестициялық кіріс тұрақты түрде өсіп, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті.

КРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельнің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша портфель құрылымы туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 74,20 млрд теңгенен асады. 01.10.2025ж. жағдай бойынша "Alatau City Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 13,29 млрд теңге.

Компанияның негізгі инвестициялары: ҚР ҚМ МБҚ – 17,78%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 16,60%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 15,87%, РЕПО – 13,15%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 11,01%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 10,99%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 5,99%, МҚҰ – 5,75%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,75%. Атап кетейік, портфельдің 75,31% теңгемен, 23,27% - АҚШ долларымен, 1,42% - басқа валюталарда ұсынылған. 2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 11,99% болды.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельнің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2025ж. жағдай бойынша "Halyk Global Markets" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 6,98 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: РЕПО (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 42,57%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 16,12%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 8,99%, ҚР ЕДБ облигациялары – 8,13%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 7,13%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 5,30%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 4,90%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 4,64%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 77,54%, АҚШ долларымен 22,46% тең.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,02% болды. "Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельнің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған. 01.10.2025ж. жағдай бойынша "BCC Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері - шамамен 8,51 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 23,69%, ҚР ҚМ МБҚ – 20,63%, РЕПО – 14,44%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 13,04%, ҚР резидент-эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 13,81%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 10,74%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар – портфельдің 75,04%, АҚШ долларымен 24,96%.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,22% болды. "BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.10.2025ж. жағдай бойынша "Сентрас Секьюритиз" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 3,33 млрд теңге.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 17,40%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына – 16,20%, ҚР ЕДБ облигациялары – 15,73%, ҚР ҚМ МБҚ-ға 14,43%, РЕПО – 13,78%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 3,45%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 3,35%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 3,30% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 68,34%, АҚШ долларында – 31,66% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 18,19% болды. "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша "Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 42,09 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: ҚР ҚМ МБҚ – 21,39%, кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 21,38%, ҚР ЕДБ облигациялары – 9,07%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 8,95%, шет мемлекеттердің МБҚ – 7,64%, МҚҰ – 7,50%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 6,14%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 7,03%, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 2,38%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 3,80%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,92%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 61,62%, АҚШ долларында – 38,38% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,81% болды. "Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50%-дан аспайтын бөлігін ең төменгі жеткіліктілік шегін есепке алмастан бере алады. Ал ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға оны ИПБ-ға 100% көлемінде беруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.



*Құрметті ағайын-туыс,
Құда-әсқежат, жора-жолдас
және барша көз көрген жасағат.
Сіздерді ардақты әке, асыл жсар,
асқар тау ата, қымбатты бауыр*

**ЖОЛАЙ
МҰХАММЕДНӘБИ
ДӘУЛЕТНАЗАРҰЛЫНЫҢ**

*рухына бағышталған
100 күндік асы: Теміртайұ, Тауелібай
кафесінде өтетінін хабарлаймыз*

*Қонақ асы 22.11.2025 сағат 16:00
Садақасы 23.11.2025 сағат 10:00*

НӘБИ ІНІМЕ

Нәбижан азамат еді, көңілі көлдей,
Шежіремен сәуле шашқан болды күндей.
«Туыс»- десе жан-тәні бөлек еді,
Жолға шығып келетін, сөзге келмей.

Жүруші еді ортада, шалқып-тасып,
Жететін тау-орманды, суды басып.
Жайрандап ортада жүруші еді,
Көрісіп, аға-іні құшақтасып.

Өмірден өтті тағы, таза адам.
Өмір берген, қайта алды жасаған.
Бір Алланың жазуына шара жоқ,
Аллаға да керек екен, жақсы адам.

«Туыс»-десе жайып тұрған қанатын,
Татулыққа күш-жігерін салатын.
Жатқан жерің жайлы болсын,
бауырым,
Алла берсін төрінен орын
жәңнәттың.

Өмірде толмас орның босаған,
Бір адамдай бұл өмірде жасаған.
Бір Алланың жазуына амал жоқ,
Қабырғамыз қайысады қазадан.

Әлімхан ТҮБЕКБАЕВ

ІЗДЕУ

Ешкімнің тимей кеуліне,
Пайдасы тиген еліне.
Жүрегі дархан жан аға-ау,
Таппадым келсем үйіңе.
Ақылын айтып ұққанға,
Даналардың тілімен.
Дастарханы мол болып,
Үзілмей қонақ төрінен.
Керуенді бастап келіп ең,
Бабаның салған жолымен.
Табыстырып ұрпағын,
Ағайын, туыс, бауырмен.
Хабар алып бәрінен,
Хәлін сұрап білетін.
Жаны жайсаң жан аға-ау,
Жүрмедің, біраз көретін.
Әмина жеңге берік бол,
Ісіне бұл Алланың.
Қызығын көру бұйырсын,
Немере, шөбере, балалардың.

Меруерт ҚАЗБЕКҚЫЗЫ

АҒАМНАН КӨРГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Мұхаммеднәби Дәулетназарұлы 1965 жылы 28 наурызда Ауғанстан елінің Мазари-Шариф қаласының маңында Дәулет-абат ауылында дүниеге келген. Мазари-Шариф («қасиетті қабір») Ауғанстандағы төртінші үлкен қала болып есептеледі. Ол Балх облысының солтүстік бөлігінде, Өзбекстанның Термез қаласынан оңтүстікке қарай 58 шақырым жерде орналасқан.

Әкесі Дәулетназар (1939ж.-2005ж.) мен анасы Зерәнің тұңғыш балалары шетінеп, кейін Нәби аға дүниеге келгенде оны атасы Әру ақсақал өзі қарап, жел бесікке тербетіп өсірген екен. Кейін Кәрім есімді інісі туылған.

Нәби аға бес жасқа келгенде анасы қайтыс болып, әкесі Бәдәлмен бас қосады. Әкесі мен Бәдәл анасынан Зікір, Шүкір, Рашид, Салам, Жеңіс атты бес інісі және Ләтипа, Рабия, Шырын, Зубайда, Уайда деген бес қарындасы дүниеге келген. Өкінішке орай Зікір інісі бақилық болған.

Ауған мектебінде Нәби аға жеті жылдық білім алған.

Ол кісі қазақшамен қатар ауған, парсы, түрікмен, өзбек, орыс тілдерін білген және ескі жазудан сауатты болды. Діни сауаттылығы да бар әрі есте сақтау қабілеті жоғары жан еді.

1982-1985 жылдар аралығында әскерде болған. Ол жылдары Мазари-Шарифте шекараны қорғау үшін Ауғанстанға енгізілген кеңестік шекара әскерлерінің штаб үйі болды. 1982 жылы Мазари-Шариф кеңес әскерлері, тұрғын үй бөлімшелері және әскери операцияларды бастау үшін, оның ішінде шекара әскерлерін орналастыру және Дарзаб провинциясына десантшыларды қондыру үшін маңызды бастапқы нүкте болған. Қала әскери қимылдар алаңына айналып, оның төңірегінде қарулы топтармен қақтығыстар жиі орын алып тұрған.

Солайша, Нәби ағамыз төрт жыл әскерде, соғыста болып, 1985 жылы Әмина жеңшеммен отау құрған. Отбасында Әбдірайым (келін Дилфуза), Абдурахман (келін Манижа), Данияр (келін Ләйлімо), Мұхаммедияр атты ұлдары және Бибігүл (күйеу бала Инаят), Уажия (күйеу бала Үміт), Мадина, Гүлсім атты қыздары бар. Нәби ағам 9 немересі мен 8 жиенін көріп кетті.

Мен Нәби ағаммен алғаш 1992 жылы таныстым. Сапарға Ауғанстаннан екі жорасымен шыққан Нәби ағам Өзбекстан арқылы Қазақстанға жетіп, Қызылордаға біздің үйді тауып келген. Өзбекстандағы ағайындар әкем жайлы сыртынан таныстырып, біздің мекен-жайды сілтеген. Ағайындардың әңгімесінен әкем жайлы мағлұмат алып, арнайы әкеммен танысуға іздеп келді. Әкем Өтебайұлы

Қадыр (1930ж.-2005ж.) - Ауғанстаннан балам келді, - деп аймақтағы ағайынның басын қосып қонақасы берді. Нәби ағаны туысқандармен таныстырып бастан өткен тарихи оқиғаларды еске алып жақсы мағыналы үлкен жиын өткізді.

Сол жолы Ауғанстаннан келген қонақтар біздің үйде біршама уақыт тоқтады. Ағайындарды аралап, қасындағы кісілердің де туыстарын іздестіріп, қайтуға құжаттарын реттеп, тіршіліктермен айналысты. Мен Нәби ағаның қызықты әңгімелерін жалықпай тыңдап әрдайым олардың қастарында болдым. Керек деген мекен-жайды тауып беріп, алып бар деген жерлеріне жол көрсетіп бірге барып жүрдім.

Одан кейін де Нәби аға біздің үйге жиі келіп тұрды. 1995 жылы Қазақстанға біржола қоныс аударды. Алғашында Шымкент қаласына содан соң Сарыағашқа көшті. Ол жақта кіші кәсіппен айналысып жанұясын аяққа тұрғызды. Өмірінің соңғы жылдары Тараз қаласында балаларының ортасында берекелі шаңырақта өмір сүрді.

Мен 2019 жылдың қараша айында Қызылордадан отбасымды Астанаға көшірдім. Келесі жылы бүкіл әлем бойынша «ковид» эпидемиясы басталып, барлығымыз карантинде болып, жұмыс тоқтап қалды. Жалпы халықтың арасында экономикалық қиындықтар туындады. Елордаға енді көшіп келген көп балалы жанұяма бұл кезеңдердің әсері біліне бастады. 2-3 жылға дейін тұрақты табыс көзі болмай балаларымды жеткізуді ойлап уайымдағаным бар. Сол кезде Нәби ағам мені Астанаға арнайы іздеп келіп, өзіме және бүкіл балаларыма Қасиетті құран сүресімен дем салып, барлығымызға тұмар жазып берді. Алға ұмтылуға шабыт беріп, көңілге сенім ұялатқан осы жағдайдан кейін, расында да көңіліміз бірлене түсті. Кәсіби мамандығым бойынша жұмысым алға жүріп, біршама ірі жобаларға қатыстым. Жаратқанға сансыз шүкір, жағдай жақсара түсті.

Нәби ағамның маған деген ағалық қамқорлығы, туыстық ыстық ықыласы үлкен қалаға енді көшіп барған көпбалалы менің жанұяма үлкен серпін берді. Нәби ағамның есімі барлығымыздың да жүрегімізде жылулық ұялататыны сөзсіз. Ол кісінің өмірден өткені қабырғамызға батып, еңсемізді есеңгіретіп тастады.

Әмина жеңшеме, бүкіл бауырларға, ұл-қыздарына өз жанұямының атынан қайғырып көңіл айтамын.

Алла Нәби ағамды өз рахымына алып, қабір азабынан сақтап, жанын жәңнәтта қылғай, жатқан жері жарық болғай деп дұға етемін.

Өтебай Сағи ҚАДЫРҰЛЫ

ҚИМАЙТЫН АСЫЛ ЖАН ЕДІ

Мұхаммеднәби бауырымыз ғасырда бір келетін ақкөңіл, мейрімді, адамгершілі мол, пейілі кең, жүзі ашық жан еді. Бүкіл атасын жатқа біліп, шежірені өте сауатты тарқата білетін. Қасиетті құран сүресімен дем салатын емшілігі де бар еді.

Мұсылмандық тұлғасы бір бөлек, ағайын десе құшағын ашқан бауырмалдығы бір бөлек нағыз абзал жан бола білді. Оның асыл қасиеттерін айта берсең сөз жетпейді.

Кішіге қамқор аға болған, үлкенге жақсы іні бола білген бауырымызды сұм ажал алып кетті.

Мұхаммеднәби бауырымыз соңғы жылдары Тараз қаласында балаларының ортасында берекелі өмірін сүрген, отбасы құндылығын берік ұстап отырған азамат болатын. Оның берекелі шаңырағынан дәм тұз татпаған ағайын жоқ шығар-ау. Ағайынға осынша жылуын тарата білген Мұхаммеднәбидей арысымыздың дүниеден өткені қабырғамызды қайыстырып кетті.

Ия, өте ауыр қаза. Бауырымыздың жаны жәңнәтта болғай.

Жүз күндік садақасы қабыл болып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жан-жағы жарық болсын деп дұға етеміз.

Ақырет күні амал кітаптарыны оң жақтан болып, рухы жұмақтың төрінен жай тапқай.

Жұбайы, бала-шағасына, жақындарына қайғыра көңіл айтамын.

Мұхаммеднәби бауырым,
Қимайтын асыл жан еді.
Рызық дәмі таусылып,
Аттанды бізден мәңгіге.

Жиналып халық Таразға,
Тапсырды жерге арулап.
Түнерді қанша жамағат,
Қабірдің басын жағалап.

Қоңыр үнмен оқылды,
Сүрелер Кәрім-құраннан.
Айтқаны сонда Молданың,
Оқылсын құран бауырынан.

Жақындары оқыды,
Тағы екі-үш ағайын.
Құран көптік етпейді,
Бірақ қалай қылайын.

Отырдым мен еңкейіп,
Еріндерім дірілдеп.
Екі көзге жас толып,
Ішімнен оған дұға тілеп.

Қимадым Нәби інімді,
Қара жерді жамылған.
Есіме түсіп сол күндер,
Бірге жүрген жарқырап.

Есіттім ғой мен талай,
Аға деген дауысын.
Бақұл бол жан бауырым,
Шарам жоқ ісіне Алланың.

Нұрмағанбет ЖӘМЕТОВ

**Құрылтайшы -
Қызылорда
облыстық
«Сыр Табиғаты»
занды тұлғалар
Ассоциациясы**

**Редактор
Акбота Абенова**

**Газет Қазақстан
Республикасы
инвестициялар және
даму Министрлігі
байланыс,
ақпараттандыру және
Ақпарат Комитетінде
қайта тіркелген.**

**Тіркеу куәлігі
№15905-Г, 25.03.2016ж.**

**Жекеленген
авторлардың пікірі
редакция көзқарасын
білдірмейді,
қолжазбалар
қайтарылмайды.
«Сыр Табиғаты»
газетінде жарияланған
мақала көшіріліп
басылса, сілтеме
жасалуы міндетті.**

**Жарнама және
хабарландыру мәтіні
мен мазмұнына
редакция жауап
бермейді.**

**Газет редакцияның
компьютер
орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа
үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68**

**Газеттің басылу
сапасына баспахана
жауапты.**

**Офсеттік басылым.
Көлемі 2 баспа табақ.**

Жазылу индексі - 68116

**Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Қайнарбаев көшесі, №33.
Толық мәлімет алу үшін:
8-777-563-76-92
телефонына хабарласуға
болады.**

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

**Басылым апта
сайын жарық
көреді**

**Тапсырылыс
№ 1971**

Таралым 500



ТОО «КазЭкосистемс»

**(гослицензия 01259 №0042510
от 25.09.2008 г.) представляет
следующие виды услуг в области
охраны окружающей среды:**

1. Оказание консультационных услуг
в области охраны окружающей среды

2. Составление и содействие в подаче
заявления о намечаемой деятельности в
уполномоченный орган
в области ООС

3. Организация в проведении
общественных слушаний

4. Подготовка отчета о возможных
воздействиях при оценке
воздействия на окружающую среду

5. Подготовка послепроектного анализа отчета о
возможных воздействиях

6. Составление заявления на получение
экологического разрешения на воздействия

7. Составление отчета производственного
экологического контроля

8. Составление квартальных отчетов,
согласно условий экологического разрешения,
статистических отчетов, налоговых отчетов по
форме 870.00.

**Наш адрес: г. Кызылорда,
ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru**